

Бекітемін

Қостанай облысы әкімінің

Әкімшілік аппаратының «Арқалық

қосымша білім бөліміне

Қостанай облысы білім беретін

қосымша білім директоры

А.Досқалиев



**2025-2026 оқу жылына арналған**

**Фурманов жалпы білім беретін мектебі КММ-нің  
ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ ЖҰМЫСЫ  
ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТЕРМЕН ЖҰМЫС**

Бекітемін:  
Мектеп директоры:  
Досмаилова Р.И.



«Арқалық қалалық білім бөлімінің Фурманов жалпы білім беретін мектебі» КММ  
2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес отырыс жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
<b>I-отырыс</b>			
<b>Тақырыбы: «Жоспар- мектептің негізгі мақсатқа жетудің бірден бір басты құралы»</b>		Тамыз	
1	2025-2026 оқу жылының педагогикалық ұжымның бағыттары мен міндеттерін анықтау, әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру, даму жоспарына түзетулер енгізу.		Досмаилова Р.И
2	2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс (эксперттік кеңес, әдістемелік бірлестіктердің, шығармашылық топтардың, дарынды оқушылармен жұмыс) жоспарларын бекіту, факультатив сабақтарының бөлінуі, жоспар бекіту		Омиржанова Д.К
3	Жас мұғалім мектебінің жоспарын бекіту, жаңадан жұмысқа қабылданған жас мамандарға тәлімгер тағайындау.		Туякова Н.У
<b>II-отырыс</b>			
<b>Тақырыбы: «Цифрлық сауаттылық білім беру жүйесінде»</b>			
1	Оқу пәндері бойынша алынған БЖБ және ТЖБ жұмыстарын зерделеу	қазан	ӘБ жетекшілері
2	Мектепшілік, аудандық пән олимпиадасына және оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына дайындық барысы		Туякова Н.У
3	«Жасанды интеллекті білім саласында қолдану-уақыт талабы»		Естайлакова А.А
<b>III-отырыс</b>			
<b>Тақырыбы: «Шығармашылық ізденіс-шеберлік шыңының бастамасы»</b>			
1	Педагогтердің кәсіби дамуы мен оқу зерттеу қызметін аттестациялау арқылы бақылау және қолдау.	қаңтар	Туякова Н.У
2	«Жас маман мектебі» 1-жарты жылдық бойынша есебі		Туякова Н.У

Туякова Н.У

3

Қалалық жалпы пән олимпиадасының қорытындысы

**IV-отырыс**

*Тақырыбы: «Оқушылардың қабілеті мен құндылықтарын дамыту»*

наурыз

Туякова Н.У

ӘБ жетекшілері

Абильдина Қ.Т.

1

ББЖМ, ҰБТ, емтихан нәтижесі

2

Бірлестіктер бойынша сабақтардың жүргізілуі

3

Педагогикалық іс-тәжірибені тарату /авторлық бағдарлама, әдістемелік жинақ, шығармашылық есеп беру/

**V-отырыс**

*Тақырыбы: «Ізденістері мен жетістіктері»*

мамыр

Туякова Н.У

ӘБ жетекшілері

ӘБ жетекшілері

1

«Жас маман» мектебі есебі. 2025-2026 оқу жылының қорытындысы және жаңа оқу жылының міндеттері.

2

Әдістемелік пән бірлестік жұмыстарының жылдық жұмысын қорытындылау.

3

2026-2027 оқу жылына арналған педагог кадрлардың біліктілік арттыру курсы, тамыз кеңесіне дайындық жұмыстарын ұйымдастыру

## Әдістемелік кеңес отырысының № 1 хаттамасы

29.08.2025 ж

**Тақырыбы:** «Жоспар- мектептің негізгі мақсатқа жетудің бірден бір басты құралы»

**Төраға:** Туякова Нургул Умирбековна

**Хатшы:** Естайлакова Айдын Абусабитовна

**Қатысуға тиісті:** 25

**Қатыспағаны:** жоқ

### Күн тәртібі

1.2025-2026 оқу жылының педагогикалық ұжымның бағыттары мен міндеттерін анықтау, әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру, даму жоспарына түзетулер енгізу. Жауапты: Досмаилова Р.И

2. 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс (эксперттік кеңес, әдістемелік бірлестіктердің, шығармашылық топтардың, дарынды оқушылармен жұмыс) жоспарларын бекіту, факультатив сабақтарының бөлінуі, жоспар бекіту Жауапты: Омиржанова Д.К

3. Жас мұғалім мектебінің жоспарын бекіту, жаңадан жұмысқа қабылданған жас мамандарға тәлімгер тағайындау. Жауапты: Туякова Н.У

### Тыңдалды:

Алғашқы мәселе бойынша Козбагарова Карлыгаш Серикбаевна сөз алып, әдістемелік нұсқау хатқа мыналар кіреді: Алдағы оқу жылындағы өзекті міндеттер білім алушылардың академиялық адалдығын дамыту, білім беруді жақсарту үшін жасанды интеллектіні қолдану, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жүргізу болады. «Жаңа оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы» мәселесіне Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде 2025–2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері жөніндегі әдістемелік-нұсқау хатты түсіндіру, «Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасын, жасанды интеллект элементтерін білім беру процесіне енгізу, педагог мәртебесін арттыру және оның құқықтарын қорғау, білім алушылар үшін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету, өткен оқу жылының талдауы негізінде білім беру сапасын және оқу жетістіктерін арттыру мәселелерін қарастыру кіреді. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда -33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда -34 оқу аптасын құрайды 2025 жылғы 1-қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы-2026 жылғы 25 мамыр, тілдерді кезең-кезең мен оқыту шеңберінде 3-сыныпта «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізіледі. «Көркем еңбек» пәнін кезең-кезеңмен «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндеріне бөліп оқыту 4-сыныпта «Көркем еңбек» пәні оқытылады, Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы бойынша жұмыстар күшейтіледі. Оқыту мен бағалауда жасанды интеллектіні қолдану аясы кеңейтіледі (баяндама хаттамаға тіркелді)

Екінші мәселе бойынша Омиржанова Д.К 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық оқу-тәрбие жұмысының жоспарын ұсынылды. Бұл жоспарға тәрбие жұмысы, әдістемелік жұмыс, мектепке педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу, педагог-психолог пен әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарлары енгізілген. Сонымен қатар факультатив сабақтарының бөлінуі туралы ақпарат беріліп, факультативтердің мақсаттары, бағыттары, сыныптар бойынша бөлінуі және оқушылардың сұраныстары мен қабілеттерін ескеру негізінде жоспарланғаны айтылды. Факультатив сабақтарын жүргізу арқылы білім алушылардың пәндік қызығушылығын арттыру, функционалдық сауаттылығын дамыту және дарынды оқушылармен жұмысты жүйелеу көзделгені атап өтілді. Қолданбалы және таңдау курстары мектептің базистік оқу жоспарының мектеп компоненті мен оқушы компонентін жүзеге асыруды көздейтін бағдарлы оқыту процесінде маңызды орын алатыны белгілі. Аталған курстар бағдарлы оқытуды жүзеге асырудың басты құралы ретінде қарастырылады.


Үшінші мәселе бойынша Туякова Н.У сөз алып, «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығын негізге ала отырып, осы оқу жылында ЖОО бітірген бір жас маманға бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекіту керектігі айтылып,

Төленді Арайлым физика пән мұғаліміне - тәлімгер Жұбатқан Темірлан Сапарғалиұлы, педагог-сарапшы, математика пән мұғалімі тағайындалды. Тәлімгерлік жоспары мыналарды қамтиды: кері байланыс беру арқылы педагогтің сабақтарына қатысу (айына 2 реттен кем емес); педагогтердің жекелеген санаттарының, оның ішінде сынып жетекшілері үшін міндетті құжаттарды бірлесіп рәсімдеу және толтыру, кәсіби қалыптасу мәселелері бойынша педагогтің консультациясы, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде пайдаланылатын нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге оқыту, педагог кәсібін, сабақтарды сапалы өткізудің практикалық әдістері мен тәсілдерін меңгеру, білім беру процесін ұйымдастыруда оқытудың белсенді нысандары мен әдістерін қолдану, педагогпен кәсіби әңгімелесу және / немесе жеке коучинг, сабақты, әдістемелік семинарларды, мастер-кластар мен тренингтерді зерттеу бойынша мектеп топтарына қатысу, педагогтің кәсіби дамуына, моральдық және іскерлік қасиеттеріне, оның жұмысқа, ұжымға және білім алушыларға қарым-қатынасына мониторинг жүргізу, орта білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің отырысында аралық есеп (оның ішінде электрондық) және бейнеролик (1-жартыжылдықта) ұсыну керектігі айтылды.

**Қаулы етеді:**

1. 2025-2026 оқу жылының педагогикалық ұжым әдістемелік нұсқау хатпен танысып, оқыту мен бағалауда жасанды интеллектіні қолдану аясы кеңейтілсін. (ОІЖО Туякова Н.У., Омиржанова Д.К. пән мұғалімдері)
2. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық оқу-тәрбие жұмысының жоспары бекітілсін, жоспарға сәйкес жұмыстар уақытында орындалсын. (ОІЖО Омиржанова Д.К.)
3. Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлердің жоспары бекітіліп, жүйелі түрде әдістемелік көмек берілсін (ОІЖО Туякова Н.У., тәлімгерлер)

Төраға:  
Хатшы:



Н.У. Туякова  
А.А. Естайлакова

**Тақырыбы: «Шығармашылық ізденіс-шеберлік шыңының бастамасы»****Төраға:** Туякова Нургул Умирбековна**Хатшы:** Естайлакова Айдын Абусабитовна**Қатысуға тиісті:** 25**Қатыспағаны:** жоқ**Күн тәртібі**

1. Педагогтердің кәсіби дамуы мен оқу зерттеу қызметін аттестациялау арқылы бақылау және қолдау. Жауапты: Туякова Н.У
2. «Жас маман мектебі» 1-жарты жылдық бойынша есебі. Жауапты: Туякова Н.У
3. Қалалық жалпы пән олимпиадасының қорытындысы. Жауапты: Туякова Н.У

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша Туякова Н.У. сөз сөйлеп, аттестаттаудан дене шынықтыру пәні мұғалімі Абильдина К.Т педагог-модератор біліктілік санатына өтініш бергені туралы баяндады. Баяндамада аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімі, олардың біліктілік санаттары, педагогикалық өтілі және соңғы жылдардағы кәсіби жетістіктері туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар мұғалімдердің оқу-тәрбие үдерісіндегі нәтижелері, сабақ беру сапасы, білім алушылардың жетістіктері, пәндік олимпиадалар мен байқауларға қатысу көрсеткіштері, әдістемелік жұмыстарға және кәсіби даму курстарына қатысуы атап өтілді. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің құжаттары «Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасына» белгіленген талаптарға сай рәсімделіп, портфолиолары толық жинақталғаны айтылды.

Екінші мәселе бойынша Туякова Н.У сөз сөйлеп, «Жас маман мектебі» аясында 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығын негізге ала отырып, осы оқу жылында ЖОО бітірген бір жас маманға бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітілгенін, биылғы оқу жылында Төленді Арайлым физика пән мұғаліміне - тәлімгер Жұбатқан Темірлан Сапарғалиұлы, педагог-сарапшы, математика пән мұғалімі, Жұманов Дихан Аманжолұлы алғашқы әскери технологиялық дайындық пәні мұғаліміне Туякова Н.У биология пәні мұғалімі тәлімгер болып тағайындалғандығы туралы атап өтілді. Жеке жұмыс жоспарларының құрылып, жоспарға сәйкес жүйелі түрде жұмыстар жүргізілгені айтылды. Жас мамандардың кәсіби бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында ашық сабақтарға қатысу, сабақтарды бірлесіп жоспарлау, әдістемелік кеңестер беру, сабақтарға талдау жасау жұмыстары ұйымдастырылғаны атап өтілді. Сонымен қатар жас мамандардың құжаттамаларды жүргізуі, күнтізбелік-тақырыптық жоспар құруы және заманауи оқыту әдістерін қолдану деңгейіне мониторинг жүргізілгені баяндалды. Есеп қорытындысында жас мамандардың кәсіби шеберлігінің артып келе жатқаны, әдістемелік қолдаудың оң нәтиже бергені айтылып, алдағы уақытта тәжірибелік бағыттағы жұмыстарды арттыру қажеттігі айтылды.

Келесі мәселе бойынша Туякова Н.У сөз сөйлеп, қалалық жалпы пән олимпиадасының нәтижелері туралы баяндама жасады. Баяндамада олимпиадаға қатысқан оқушылар саны, пәндер бойынша қатысу деңгейі және қол жеткізілген нәтижелер туралы мәлімет берілді. Олимпиада қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған оқушылар мен оларды дайындаған мұғалімдердің еңбегі атап өтілді. Сонымен қатар кейбір пәндер бойынша нәтижелердің төмен болуының себептері талданып, дайындық барысында кездескен қиындықтар айтылды. Алдағы уақытта олимпиадаға дайындық жұмыстарын жүйелеу, дарынды оқушылармен жұмысты күшейту, қосымша сабақтар мен факультативтер ұйымдастыру қажеттігін атап өтті. 2025 жылдың 23-қазан күні-

республикалық пән олимпиадасының I мектепшілік кезені өткізілді. Мақсаты: қабілетті, дарынды балаларды анықтай отыра, олардың білім деңгейлерінің дамуына қамқорлық жасау, алған теориялық білімін, оны тәжірибеде қолдана білу іскерлігін анықтау; мұғалімдердің жауапкершіліктерін арттырып, дарынды балалармен жұмыс істеуіне әрекет ету. қалалық пән олимпиадасына оқушыларды іріктеу олимпиада мына негізгі пәндер бойынша өткізілді: 1) қазақ тілі; 2) қазақстан тарихы; 3) орыс тілі; 4) ағылшын тілі; 5) математика; 6) физика; 7) информатика; 8) химия; 9) биология; 10) география; 11) құқық негіздері; 12) дүниетану. Мектепшілік кезеңі. Қатысқан оқушылар: 5-11-сыныптар бойынша барлығы-76 оқушы. Мектепшілік кезеңі жұлделі 1-орынға ие болған 33 оқушы қалалық кезеңге жолдама алды.



Республикалық пән олимпиадасының II қалалық кезеңінің қорытындысы 33 оқушы қатысып, 14 оқушы орын алды. Сонымен қатар облыстық кезеңге орыс тілі пәнінен қатысқан 8 сынып оқушысы Нұржан Нұршах жолдама алды. Нәтижесінде, олимпиададан жұлделі орын алу көрсеткіші 50 %, былтырғы оқу жылының көрсеткішімен салыстырғанда жоғарылағаны туралы айтылды. Алдағы уақытта пән мұғалімдері өз тәжірибесін жетілдіріп, сонымен қатар әдіс-тәсілін өзгертуі, одан әрі оқушымен дайындықты күшейтіп, облыстық, республикалық жұлделі орындарды қолғаалу керектігі айтылды.

#### Қаулы етеді:

1. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің құжаттары белгіленген талаптарға сай рәсімделсін, аттестаттау үдерісіне дайындық жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Жас мамандарға көрсетілетін әдістемелік және тәлімгерлік қолдау жалғастырылсын.
3. Олимпиадаға дайындық жұмыстарын жетілдіру мақсатында дарынды оқушылармен жүйелі жұмыс ұйымдастырылсын.

Төраға:

Хатшы:

Н.У. Туякова

А.А. Естайлакова